

Катонқарағай ауылдық округі елді мекендерінің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 27 ақпандағы N 01-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 07 наурызда N 5-13-118 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Катонқарағай ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере к е л е ,

Ш Е Ш Е М І Н :

1. Катонқарағай ауылындағы көшелердің атаулары:

- 1) Пионерская көшесі - «Қажыбек Байғонақов атындағы» көшесіне;
- 2) Ленин көшесі – «Абай атындағы» көшесіне;
- 3) Абай көшесі - «Бауржан Момышұлы атындағы» көшесіне;
- 4) Пахомов көшесі - «Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы» көшесіне;
- 5) Садовая қиылысы - «Қайрат Құдабаев атындағы» қиылысына өзгертілсін.

2. Шыңғыстай ауылындағы атауы жоқ көшелерге мынадай атаулар берілсін:

- № 1 көшеге - «Алтай» атауы;
- № 2 көшеге - «Қызылқайың» атауы;
- № 3 көшеге – «Бұқтырма» атауы;
- № 4 көшеге – «Көктерек» атауы;
- № 5 көшеге – «Құмарқан Баекин атындағы» атауы.

3. Қабырға ауылындағы атауы жоқ № 1 көшеге – «Бірлік» атауы берілсін.

4. Мойылды ауылындағы атауы жоқ көшелерге мынадай атаулар берілсін:

- № 1 көшеге – «Отан» атауы;
- № 2 көшеге – «Ынтымақ» атауы.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман А. Кошеноваға жүктелсін.

6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК